



Халқы үшін қызмет еткен тұлғалар

Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінде осындай атаумен қарттар күні мен ұстаздар мерекесіне арнап іс-шара өткізілді.

Басқосуға Арқалық қаласының Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкерлері мен түрлі салада еңбек етіп, өңіріміздің дамуына үлес қосқан бірқатар мереке иелері қатысты. Бұл кісілердің ұрпақ тәрбиелеу жолындағы, олардың өмірге деген көзқарастарын қалыптастыруға тәрбиелеуде еңбектері зор. Олардың қатарында: Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінің зейнеткерлері – М. Бопина, Ө.Тойшыбеков, білім саласының үздік қызметкері, ұстаз, Арқалық қалалық «Ана дария» төрайымы, зейнеткер – Б. Қалтаева, ҚР Мәдениет қайраткері, ұстаз, музыка мектебінің директоры – Б. Әбенев, профессор, академик, білім саласының үздік қызметкері, АрқМПИ ұстазы – А. Үмбетов, ұстаз, білім, өнер саласының

озық үздік қызметкері – Қ. Жақыпбекова, білім саласының үздік қызметкері, спортымыздың дамуына үлес қосқан Қ.Кенжебеков сынды кісілер бар. Саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнап, білімді ұрпақ қалыптастыруда еңбек еткен мәртебелі меймандарға құрмет көрсетіліп, архив ұжымы қос мерекеге арнап концерттік бағдарламасын ұсынды. Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінің басшысы С.Байгенжин жүрекжарды тілегін айтып, қонақтар еңбек жолдары жайлы әңгіме өрбітті. Шара соңында қонақтар мерекелік дастархан басына жайғасып, архив басшысы Сағидолла Байгенжин меймандарға мақтау қағаздар мен сыйлықтар табыс етті. Қарттар күні мен Ұстаздар мерекесінен қонақтарымыз ризашылықпен тарқасты. Алдыңғы толқын аға – апаларымыз әрқашан аман болсын. Мейрамнан мейрамға аман – сау жете беріңіздер!

**Сағдат САДУОВА,
Арқалық өңірлік
мемлекеттік**